

Оқу ордасында Талап Қабденов дәріс залы ашылды

Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Қазақстан Республикасы ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденов атындағы дәріс залы ашылды.



Аудиторияның ашылу рәсіміне оқу орнының басшылығы мен профессорлық-оқытушылық құрамы, генералдың бұрынғы әріптес достары мен туған-туыстары қатысты.

Заманауи технологиямен жабдықталған оқу залының лентасын Академия бастығы полиция полковнигі Нұрлан Биекенов пен отставкадағы судья Бақытқазы Ордабаев қиды.

Оқу ордасының қалыптасуына елеулі еңбек сіңірген тұлғалардың аты ұмытылмауы тиіс. Олардың өнегелі өмірі мен еңбек жолы бүгінгі жас буын үшін үлгі-өнеге болуы қажет. Осындай мақсатта ашылған жаңа аудиторияда өтетін сабақтар ішкі істер органдарына ерен еңбек сіңірген қайраткер, осы жоғары оқу орнының тұңғыш бастығы Талап Қабденовтың қызметімен сабақтаса берілуі керек деп ойлаймын. Курсанттарымыздың бойына отаншыл сезім ұялатып, Талап ағаның еңбек жолын өнеге ете білсек, жастардың нағыз елші, мемлекет мүддесіне адал азамат болып қалыптасуына өз септігімізді тигізе алғанымыз, – деді Нұрлан Биекенов.

Zoom платформасында ұйымдастырылған шараға Талап Қабденовтің өзі де қатысты.

Ол: «Бейнебайланысқа шығып, өздеріңізбен жүздесіп отырғаным қуаныштымын. Қиын кезеңде ашылған жоғары мектептің – институт, одан әрі академия болып қайта құрылғаны, оған Шырақбек Қабылбаев есімінің берілуі зорабырой. Шырақбек Қабылбаев – ішкі істер органдарының қара нары іспеттес болған тұлға. Осыны әрдайым ескеріп жүрсеніздер, бүгінгі игі шараларыңыз да жастарды тәрбиелеуге септігін тигізсе екен деймін. Озық оқыту құралдарымен жарақтандырылған зал оқытушыға қанат бітіреді. Өзінің білімін аудиторияға ұғынықты, жан-жақты жеткізуіне жол ашады. Сондықтан да білім нәрін сіңіруде заманауи дәріс залының рөлі қашанда зор. Сіздердің осындай әр оқ қадамдарыңыз мені қатты қуантады» – деп ризашылық сезімін жеткізді.

Іс-шара барысында оқу ордасының профессорлары: Сапар Қолдыбаев, Наталья Ким және өзге де құрметті қонақтар Қостанай жоғары мектебінің ашылуы кезеңінде атқарылған қарқынды қызметтер жөнінде әңгімелеп, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Бұдан әрі LED экраннан жоғары оқу орнының тарихынан, оның тұңғыш бастығы Талап Қабденовтың өнегелі өмір жолы мен ғибратты қызметінен сыр шертетін деректі фильм көрсетілді.

Шараның соңында, мәні ерекше игі іске жиналғандар генералдың көрнекі портреті аясында естелік суретке түсіп, білім ошағының мұражайымен танысты.

Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ, ІСКБ бастығы

Ұлы ұстаздың ескерткіші ашылды


Осы аптаның алғашқы күнінде, 2 қарашада Қостанай қаласында қазақтың ұлы ағартушысы, ұлт ұстазы, халық мектебінің негізін қалаушы тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсариннің ескерткіші ашылды.

Қоладан құйылған ерекше мүсін орталық саябақ кіреберісінің алдына орнатылған. Бұл ескерткіш облыс жұртшылығының, педагогикалық еңбек ардагерлерінің, ыбырайтанушылардың ұсынысы бойынша ұлы ұстаздың 180 жылдығы қарсаңында мерейтойына орайластырыла ашылып отыр.

Ұлы ағартушының шәкіртін қасына алып отырған бейнесі мүсінделген, кескіні келіскен ескерткіші ерекше көз тартады. Қола композицияның жалпы биіктігі – 2,6 метр. Ал тұғыры граниттен жасалған. Жоба авторлары – белгілі мүсінші Жеңіс Жұбанқосов және ҚР Суретшілер одағының мүшесі Тоқтар Ермеков.

Ескерткіштің ашылу салтанатына облыс әкімі, педагогикалық еңбек ардагерлері, облыстың танымал тұлғалары, Қазақстанның Еңбек ерлері, қоғам қайраткерлері қатысты.

«Қазақ даласында білім шырағын жағып, халқымыздың өркениет әлеміне түбегейлі бетбұрыс жасауына тікелей ықпал еткен бірегей тұлғаның алатын орны ерекше. Кеше ғана біз ұлы ағартушының туған күнін атап өттік. Ұлт ұстазының келесі жылы аталып өтетін 180 жылдық мерейтойы бүгінгі ескерткіштің ашылу рәсімінен бастау алады. Біз бұл атаулы датаға үлкен дайындықпен кірісеміз. Өздеріңізге белгілі, Ы.Алтынсариннің туған жері Алтынсарин ауданына қарасты Мезгіл елді мекеніндегі Омар құдығы және Қостанай ауданында орналасқан мемориалдық кесенесі Қазақстанның киелі жерлер картасына енгізілді. Екі нысанда да ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Әсіресе, кесене қайтадан салынып, сәулеті артты. Қазір бұл орынға елдің түкпір-түкпірінен келетін адамдар саны көбейіп келеді. Мұның сыртында, қостанайлық зиялы қауым өкілдерінің сұрауы бойынша, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында да ұлы ағартушыға ескерткіш орнату жоспарланып отыр. Бұл шаралардың тезірек жүзеге асуына біз де үлесімізді қосамыз. Халқымызда «Таулардың биіктігі алыстаған сайын білінеді» деген сөз бар, ұлы ағартушының есімі еш уақытта ұмытылмайды. Ол үшін жергілікті атқарушы билік те тиісті шараларды қабылдап, жастарға



рухани тәрбие беру жолында жұмыстар жүргіземіз», – деді облыс әкімі А. Мұхамбетов құттықтау сөзінде.

Облыс орталығындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат ұлы ұстаздың есімін иеленген. Осы мектептің түлегі әрі көп жыл еңбек еткен ардагер ұстаз Беген Көпеш шара барысында сөз алып, ескерткіштің орнатылуына себепші болған азаматтарға алғысын білдірді.

«Бұл – облыстағы ерекше, тәрбиелік мәні зор оқиға. Ұлы ұстазға ескерткіш орнатып берген жергілікті билік өкілдеріне ұстаздар атынан зор алғыс айтамын. Мүлгіп жатқан қазақ даласына қоңырау соғып, білімге шақырған тұлғаның еңбегі өлшеусіз. Мен Ыбырай атамның 1884 жылы салған мектебінің шәкіртімін, сонда біраз жыл ұстаз болдым. Сол себептен мектеп менің екінші үйім десем, артық емес. Бақытты мұғалімді көргілеріңіз келсе, маған қараңыздар... Жадымызға әбден жатталған «Кел, балалар, оқылық» өлеңін ескерткіштің тұғырына таспалағанын көріп отырмыз. Қандай тамаша! Барлық ұйымдастырушыларға, архитекторлар мен мүсіншілерге көп рахмет. Бұл – қостанайлықтарға жасалған үлкен сый», – деп тебіренді ардагер.

Ескерткіштің тұсаукесер, пердесін түсіру рәсімі облыс әкімі Архимед Мұхамбетовке, ардагер ұстаз Беген Көпешке ұсынылды. Салтанатқа жиналған жұртшылық ескерткіш түбіне гүл шоқтарын қойды.

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ – ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ НАЗАРЫНДА

Алтын көрсе періште жолдан таяр...

Оңай жолмен пайда көріп, түрлі қылмыстық әрекетке баратындар үшін, алтын бұйымдары, әрине, таптырмас олжа. Алтын көрсе періште де жолдан таяды дегендей, ұрылар ондай «сәтті мүмкіндікті» қалайша өткізіп алсын.

Мына бір оқиға соған дәлел болғандай. Осы быылға қазан айының алғашқы күндерінде Федоров ауданының Пешков ауылында тұрғын үйден тапа-тал түсте ұрлық жасалғандығы туралы полиция бөліміне хабар түскен. Бұл туралы айтқан әйел күндіз үйінде болмағанын, ал қайтып оралғанында, ол үйесінің сынғанын көреді. Бұдан соң бөлмелерді тексеріп, ұялы телефоны мен алтын бұйымдарының жоғалғанын байқаған.

Тәртіп сақшылары дереу іске кіріседі. Оқиға орнына тексеру жүргізіп, басқа да амалдарын қарастырады. Жедел іздеу шаралары барысында ұрлық жасағанына күдікті бір тәулік ішінде Қостанай қаласында ұсталды. Полициялер күдіктіні саусақ ізі

арқылы анықтапты.

Ол сол Пешков ауылының 39 жастағы тұрғыны болып шықты. Үйде ешкімнің жоқтығына көзі жеткен ол есікті сындырып кірген де, қолына түскен бағалы деген бұйымдарды алып, тайып тұрыпты. Ұры алтын сақинаны Қостанайдағы ломбардтардың біріне өткізіп те үлгерген.

Аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Ап Тәтияна Шмидт полицейлерге жедел әрі сапалы қызметтері үшін алғысын білдірді. «Сіздердің жұмыстарыңыз үшін алғысымды және ризашылығымды білдіргім келеді. Ауданымызда қызмет атқарып жүрген полиция қызметкерлері – Евгений Завгородней, Әлібек Сейітов, Қайрат Сәкенов, Марат Қазанғаповтың кәсібилігіне көзім жетті. Полицейлер қысқа мерзімде ұрланған заттарымды қайтарып берді» деп атап өтті Т.Шмидт.

Осыбылғы жазда, 27 шілдеде ҚР ҰҚК ШҚ Қостанай облысы бойынша департаментінің қызметкерлері «Қайрақ» автомобиль өткізу пунктінде Нұр-Сұлтан қаласынан

Ресей Федерациясының Челябинск облысына кетіп бара жатқан жүк автомашинасын тексеру кезінде жалпы салмағы шамамен 10 тонна болатын 12 көлемді қапқа салынған алтыны бар кенді анықтады.

Міне, бұл анау-мынау бұйым емес, қомақты көлемдегі алтын ұрлығына жатады. Оны шекарадан алып өту оңай емес. Сондықтан құжат бойынша жүк «кварцит» ретінде ресімделген көрінеді. Сарапшылардың пікірі бойынша, алтыны бар 1 тонна кеннен 1 кг дейін таза алтын шығады, ҚР Ұлттық банкінің деректері бойынша, 1 грамм алтынның құны – 25 213 теңге. Алдын ала бағалауға сәйкес алынған өнімнің сомасы шамамен 250 млн теңгені құрауы мүмкін.

Дегенмен, алтынды ел шекарасынан жасырып алып алып өтпек болғандардың ойлары жүзеге аспай қалды. Қырағы шекарашылар қолға түсірді...

Жалпы, қандай да бір қылмыс жасаушылар заңды айналып өте алмайды.

М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ

Жаңа жылдан бастап электронды төлем жүйесі енгізіледі

Қостанай қаласында қоғамдық көліктерде электронды төлем жүйесі енгізілетіндігі туралы көптен бері айтылып жүргені жұртшылыққа белгілі. Енді оның нақты уақыты сөйсенбіде, 3 қарашада қалалық әкімдікте өткен брифингте мәлім болды.

Сонымен, қостанайлықтар 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап, яғни алдағы келе жатқан жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап қоғамдық көлікке жолақыны электронды төлем жүйесі арқылы төлейтін болды.

Төлем картасы қазіргі уақытта «MART», «Kostanay Plaza» ойын-сауық орталықтары мен ЦУМ, «Балалар әлемі», «Азия» сауда үйлерінде (Чернышевский көш) сатылып жатыр. Жаңа жылға дейін қоғамдық көліктердегі жолақы төлеу тәртібі бұрынғыдай сақталады. Жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап жаңа жүйеге көшеміз.

Нақтырақ айтқанда, 1 қаңтардан бастап автобустардың жолақысы карта арқылы 80 теңге, қолма қол төлеу арқылы 150 теңге болады. Картаның үш түрі бар: балаларға, зейнеткерлерге және ересектерге арналған. Олардың түстері де әралуан. Әр картада оның иесі туралы мәліметтер жинақталады. Егер картаны жоғалтып алсаңыз, қайтадан қалпына келтіре аласыз.

Жобаны жасаушылар алғашында ересектер картасын 500 теңге деп белгілеген. Бірақ, әкімдік басшылығының өтінішімен, жаңа жылға дейін жеңілдік жасапты. Ақция бойынша көлік картасын 370 теңгеден сатып аласыз. Бұл жеңілдік екі айға ғана арналған. Сондай-ақ жолақыны кез келген банк картасы, ұялы телефондағы қосымшалары, QR-код пен СМС-төлем арқылы да төлеуге болады.

Жаңа жобаны «Алемпей» ЖШС жүзеге асырады. Қалалық ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Наурызбай Мусиннің айтуынша, бұл жүйені енгізудің мақсаты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

Мемлекеттік қызметшілерге талап күшейеді

Соңғы жылы мемлекеттік қызмет саласын ілгерілетуге қатысты бастамалар жиі көтеріліп жүр. Ел Президенті халыққа Жолдауында мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін ұсынып, салаға көптеген жаңашылдық енгізу керектігін баса айтқан еді. Одан бөлек жақында мемлекеттік қызметшілерге сыйлық беруге тыйым салу нормасы күшіне енгені тағы бар.

Ол бойынша мемлекеттік қызметші мен оның отбасына сыйлық беруге болмайды. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жаңа ереженің қалай жүзеге асатынын түсіндіріп берген еді. Бұл норма 6 қазанда Президент қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында қарастырылған. «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда осыған дейін де қызметі үшін сыйлық алуға болмайтын нақты көрсетілген еді. Ал Азаматтық кодексте құны 10 АЕК-тен асатын сыйлық беруге болмайды деген тұжырым болды. Түсінбестік тудырған дәл осы нәрсе еді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Дархан Жазықбаев заң нормасының саладағы сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталғанын айтады.

«Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы халыққа Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жауапқа тартылудан қорыққан шенеуніктерді дербестік, бастамашылдық және жедел әрекет ету қасиеттерінен айырмауы тиіс екенін ескертіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге қатысты нақты тапсырмалар берген болатын. Осы орайда жарияланған заңның қолданысқа әлі енгізілмегеніне қарамастан, оның жалпы алғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылып жатқан іс-шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталғанын ескере отырып, осы заңның маңызын, оның қойып отырған талаптарын халық арасында белсенді түсіндіру орынды», деді Д.Жазықбаев.

Мемлекеттік қызметшіге және оның отбасы мүшелеріне келіп түскен барлық сыйлықтар, тіпті олардың хабарынсыз келген сыйлықтар да жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқарушы органға берілуі тиіс. Бұл сыйлықтарды белгіленген тәртіппен сатып алу мүмкіндігі де сақталады. Алайда бұл тыйымды жұмыстағы жетістіктері үшін заңды жолмен берілген сыйлықтармен шатастырып алмау маңызды.

Заңда сыйлықтарды мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға беру, сыйлықтарды бағалау

және сату мәселелері де нақтыланған. Жергілікті атқарушы органдар енді бұл мәселелермен айналыспайды. Қызметшінің немесе оның отбасы мүшелерінің хабарынсыз шотқа түскен ақша анықталғаннан кейін 2 апта ішінде мән-жайды түсіндіре отырып, республикалық бюджетке аударылуы тиіс екен.

Дархан Жазықбаевтың айтуынша, Азаматтық кодекстің 509-бабына енгізілген өзгеріске сәйкес мемлекеттік қызметшіге кез келген құнды сыйлықтарды сыйға тартуға тыйым салынады. Яғни Азаматтық кодекстің аталған бабының мемлекеттік қызметшіге қатысты сыйға тарту мәселелерін реттейтін ережелері қайта қаралып, оның талаптары өзге заңнамалармен, оның ішінде, Қылмыстық және Әкімшілік кодекстермен сәйкестендірілген. Енді осыған байланысты, Қылмыстық кодекстің «Пара беру» 367-бабына сәйкес мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаларға, оларға теңестірілген тұлғаларға, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға немесе лауазымды тұлғаларға бұрын жасаған заңды әрекеттері үшін құны 2 айлық есептік көрсеткіштен асатын сыйлықтар тарту ету қылмыстық жауапкершілікке жатады. Бұған қоса сыйлық беру немесе алу әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық болуына байланысты кодекстің 676, 677, 678-баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

«Агенттік мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган ретінде аталған заң нормаларының орындалуы бойынша профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын жалғастыра береді. Мемлекеттік қызметшілерге қандай да бір сыйлық берудің заңға қайшы екенін қоғамда кеңінен насихаттау қажет», деді агенттік төрағасының орынбасары.

Сыйлықтар Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне және оның аумақтық органдарына тапсырылады. Ал комитет алмайтын кей сыйлықтарды аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қабылдай алады. Мұндай сыйлар қатарына жер учаскелері, төрт түлік мал, жемшөп, азық-түлік тауарлары, астық, ағаш материалдары, дәрі-дәрмек, минералдық шикізат, пайдалы қазбалар, пестицидтер жатады. Ал жылжымайтын мүлік, көлік, этил спирт және алкоголь өнімі, темекі өнімдері, өнеркәсіп тауарлары, мұнай және оны қайта өңдеу өнімдері, бағалы қағаздар, жарғылық капиталға қатысу үлестері, техникалық құрылғылар, бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар Қаржы министрлігінің Мемлекеттік

мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық органдарына тапсырылуы керек.

Бұл заңнамалық шектеулер мемлекеттік қызметшінің жеке өміріндегі отбасылық салтанатты іс-шараларда жақындары мен туыстары берген сыйлықтарға қатысты емес, әрине.

Заңнамаға енгізілген тағы бір жаңалық – туыс адамдардың бірге жұмыс істеуіне жол берілмеуі. Бұл туралы Агенттіктің заң департаментінің директоры Мақсат Мусин түсіндіріп берді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің жақын туыстары, жұбайлары немесе жекжаттары бір-біріне бағынатын лауазымдарда қызмет ете алмайды. Сондай-ақ кез келген адам мемлекеттік жұмысқа орналасарда сол мекемеде жақын туыстарының барын жазбаша хабарлауы керек екен.

Жаңадан қабылданған заң нормалары мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді көздеп отыр. Бұл Қ.Тоқаев халыққа Жолдауында айтқан мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформалардың бастамасы болса керек. Президенттің «Ең алдымен, мемлекеттік басқаруға, кадр саясатына, шешім қабылдау жүйесіне және оларды орындау жауапкершілігіне деген көзқарасты өзгертуден бастауымыз керек» дегені жылдар бойы қалыптасқан жүйеден шығып, жаңа заманауи тәсілдерді қолдануға қызметкерлердің және халықтың ашық болуын меңзейді. Өйткені саладағы ескі көзқарастағы ұстанымдар жаңа реформалардың біреуін де тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіні сөзсіз. Бұл жолда ең алдымен, қордаланған мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлықты жою басты міндетке айналды.

Барлығы бір күнде өзгере қоймайтыны секілді, жаңа өзгерістердің заң шеңберінде қадағаланып қоймай, қызметшілердің күнделікті этикалық ұстанымына айналатын күні де алыс емес болар. Бұл ретте тек мемлекеттік қызметшілерді өзгертуге тырысу – әурешілік. Реформаның халық пен қызметшілер арасында екіжақты орындалуы аса маңызды. Сол себепті де қоғамда тұрғындарға мемлекеттік қызмет үшін сыйлық берудің қалыптасқан жағдай емес екенін түсіндіріп, мұның салдары заң шеңберінде қаралатынын кеңінен насихаттаған жөн. Күрмеуі қиын мәселерді шешуге кеткен уақыт емес, арамшөп секілді қоғамды жайлаған проблеманы тамырымен шабуға басымдық берілгені құптарлық.

www.egemen.kz (23.10.2020 ж.)

Жылдағыдай атап өттік

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында дәстүрге айналған 1 қарашада атап өтіліп жүрген «Ардагерлер күні» биылғы жылы да өз жалғасын тапты.



Ұзақ жылдардан бері Академия қабырғасында абыройлы да адал еңбек еткен, бүгінде құрметті еңбек демалысындағы зейнеткерлерге әрдайым ерекше көңіл бөлінуде. Аталмыш күн аясында жыл сайын курсанттар аға буын ардагерлермен оқу орынында кездесіп, тәлім-тәжірибесі мол жандардың естеліктерін тыңдап, өзара келелі әңгіме құратын. Биылғы жылы елімізде орын алған пандемияға байланысты Академияның ардагерлер кеңесінің төрайымы Бисәуле Биғазықызы бастаған бөлім қызметкерлері ардагерлерге арнайы барып, аталмыш іс-шараны жандандырды. Алғашқы болып, талай жыл Қазақстан Республикасының Ішкі істер саласында қызмет еткен, отставкадағы полковниктер Татьяна Зюбанова, Юрий Симинин, Есенбек Курмановпен жолықты.

Ардагерлер күніне орай Академия бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Биекеновтің құттықтау сөзі мен естелік сыйлық табыс етті. Келелі кездесу барысында ардагерлер академия ұжымына алғысын білдіріп, жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан іс-шараның жас ұрпақ үшін маңыздылығын айтып, өз ризашылықтарын білдірді.

- 1 қарашаға дейін біздің офицерлік құрам басқа да ардагерлерімізді құттықтап, арнайы кездесетін болады – дейді, Академияның ардагерлер кеңесінің төрайымы Бисәуле Мукажанова.

Қ. НАҒАШЫБАЙ,
Ішкі және сыртқы коммуникациялар бөлімінің инспекторы

Пәтер іздеуге берілетін мерзім ұзартылады

«5-10-20» бағдарламасы аясында банкте несиесі мақұлданған азаматқа пәтер іздеп табуға берілетін уақыт 6 айға дейін ұзартылады.

Бұл туралы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Орталық филиалының директоры Жансұлтан Матаев айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдері «7-10-20» бағдарламасы арқылы банктен несиесі мақұлданған азаматқа пәтер табуға екі ай уақыт берілетіндігін әрі бұл мерзімнің жеткіліксіз екендігін айтқан еді. Осы мәселеге орай жауап берген Жансұлтан Матаев аталған мерзімді ұзарту мәселесі пысықталып жатқанын айтты.

«Иә, бүгінгі таңда ережеге сәйкес 2 ай уақыт беріледі. Оны жеткіліксіз деушілермен келісеміз. Қазір банктің несиелік комитетінде пәтер табуға берілетін мерзімді созу, яғни 2 айдан 6 айға дейін ұзарту мәселесі қарастырылып жатыр. Бізге де осы мәселеге қатысты клиенттерден көптеген сауал түсіп жатыр. Жақын арада шешімімізді хабарлаймыз», - деді ол.

Қостанай ст. ЖПБ

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Жұмыс қорытындысы шығарылды

2020 жылғы 03 қарашада ҚР ІІМ Көліктің ПД бастығының орынбасары полиция полковнигі Жұматаев Абзал Ғабдуллаұлының қатысуымен Қостанай станциясындағы Желілік полиция бөлімінде жедел кеңес өтті, онда жедел-қызметтік жұмысының 2020 жылдың 9 айындағы қорытындылары және алдағы кезеңдегі басым бағыттары талқыланды.

Іс-шараға Қостанай станциясындағы Желілік полиция бөлімінің жеке құрамы және желілік бөлімшелерінің бастықтары қатысты.

Өткен кезеңде Қостанай станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету учаскесінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны, жалпы алғанда, азайды. Ашылу пайызы 64,3% құрап отыр.

Өртүрлі құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке 1336 құқықбұзушы тартылды, заңсыз көші-қонмен күрес жүргізу саласы бойынша – 20. Сомасы 1738796 теңге болатын

айыппұл салынды, оның ішінде – 1289419 теңге өндіріп алынды (74,16%).

Сондай-ақ, кеңес барысында 2020 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президенті Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» Жолдауын іске асыру, соның ішінде ҚР Президенті ІІМ-нің кеңейтілген Алқа шешімінде айтып кеткен қызметкерлердің материалдық жағдайларын жақсарту туралы, Ішкі істер органдарын реформалау, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында полиция жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету жөнінде мәселелер қаралды.

Елбасы штаттық құрамды жан-жақты қолдауын, келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап тұрғын үй өтемақыларын кезекші бөлімдері мен патрульдік полиция қызметкерлері алатынын, Үкіметке 3 жылдың ішінде тәртіп сақшыларының еңбекақысын 30 % көтеру туралы тапсырды.

Полиция полковнигі А.Г. Жұматаев